

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ «ТІЛДІК ПОРТФОЛИО» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ә.Қ. Жемісбай*, А.Е. Маурапова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан

e-mail*: a_kanzhygaly@mail.ru

Мақала шет тілін оқыту процесінде студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған. Жаһандану және өсіп келе жатқан мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында бұл мәселе - өте өзекті. Бұл мақалада «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы, сондай-ақ шет тілін оқытуда «тілдік портфолио» әдісі студенттердің әр түрлі мәдениеттер өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қалыптастырудың оңтайлы білім беру технологиясы ретінде пайдалануы қарастырылады. Толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас үшін, басқа елдердің өкілдерімен өзара әрекеттесу үшін студент шет тілін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар мәдениетаралық құзыреттілікке ие болуы керек. Осы орайда, тілдік портфолио технологиясы студенттерге тілдік дағдылары мен мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қарым-қатынас, құзыреттілік, мәдениетаралық құзыреттілік, тілдік портфолио, шетел тілін оқыту, білім беру технологиясы, шет тілін оқыту әдістемесі.

Кіріспе

Шет тілі мен мәдениетін оқытудың қазіргі мақсаты нақты мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындық ретінде тұжырымдалған. Қазіргі қазақстандық қоғам түрлі салаларда қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін әлемдік коммуникациялық кеңістікке интеграциялануға ұмтылады. Сондықтан адамға ана тілін ғана емес, шет тілдерін де үйрену керек екені белгілі болады. Осылайша, қоғам білім беру мекемелеріне шет тілдерін оқыту сапасына қатысты белгілі бір талаптар қояды. Шетел тілін үйрену арқылы адам оқытылатын тіл елінің мәдениетіне енеді және бұл оқытудың маңызды бөлігі болып табылады, бірақ оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға және сәйкесінше елдің тілдік кодын ашуға жеткіліксіз көңіл бөлінеді. Тілдік код дегеніміз – мәдениеттің әсерінен қалыптасатын барлық түрлермен бірге тілдің өзін түсіну болып табылады. Қазіргі жағдайда шет тілін оқыту мұғалімнен білімді ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаға бағытталған тәсілге негізделген дидактикалық жүйені жетілдіруге, оқушының жеке басы айналасында тиісті атмосфера құруға көмектесетін озық технологияларды белсенді енгізуді талап етеді. Пән мұғалімдері мен әдіскерлердің күш-жігері студенттердің шет тілін үйренудегі проблемалық аймақ ретінде мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Негізгі бөлім

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі туралы сөз қозғамастан оған қатысты келесідей тұжырымдарды тілге тиек еткіміз келеді. Зерттеуші А.Фантини: «Басқа мәдениеттер өкілдерімен сәтті қарым-қатынас жасау қабілеті», - деп анықтайды [1; 456-476]. Майкл Байрам аталмыш ұғымды орталықсыздандыру, әлемге басқа көзқараспен қарау мен оны түсіну және сәтті қарым-қатынас пен өзара түсіністік орнату кезінде өзге пікірлерді ескеру қабілетін білдіретіндігін, сонымен қатар ол әлемнің тың көзқарасын сынға алу, екіншіден, оқушының өз пайымын сынға алу мүмкіндігін қамтитындығын алға тартады [2; 77-84]. Г.В.Елизарова «Мәдениет және шет тілдерін оқыту» монографиясында аталмыш ұғымды білім мен дағдыларға негізделген ерекше құзыреттілік, коммуниканттар үшін ортақ мағынаны құру арқылы бірнеше мәдениет арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыру және нәтижесінде екі жаққа да жағымды қарым-қатынас нәтижесіне қол жеткізу мүмкіндігі деп біледі» [3; 352].

Мәдениетті түсіну мәдениетаралық құзіреттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл есте сақтарлық маңызды мәселе, өйткені оны тек түрлі мәдениеттер туралы білім, мәдениетаралық құбылыстарды түсіну және «басқаға» құрмет пен түсіністік тұрғысынан оңай сипаттауға болады. Шет тілін үйренуші барлық осы элементтермен жұмыс істеуі керек, сонымен қатар оларды мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында қолдана білуі керек [4; 13].

Аталмыш ұғымға байланысты зерттеулер басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесудің тиісті тәсілдерін анықтау арқылы студенттерді жаһандық қоғамға қатысуға және ынтымақтастыққа дайындаудың маңыздылығын көрсетеді [5; 18]. Шет тілін үйрену процесінде тілдік дағдылар мен мәдениетаралық құзіреттілік байланысты болған кезде студенттер жаһандық әлемге қатысуға дайындала алады.

Еуропада Дарем университетінің білім профессоры Майкл Байрам жасаған мәдениетаралық құзіреттілік моделі ең ықпалды болды. Байрам оны құрайтын бес негізгі элементті атайды:

- Attitudes (Дүниетаным);
- Knowledge (Білім);
- Skills of interpreting and relating (Ауызша аударма және қарым-қатынас дағдылары);
- Skills of discovery and interaction (Ашу және өзара әрекеттесу дағдылары);
- Critical cultural awareness (Сыни мәдени хабардарлық). «Мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік» моделінде Байрам «сыни мәдени сананың» маңыздылығын атап көрсетеді: «өз және басқа мәдениеттер мен елдердегі перспективаларды, тәжірибелер мен өнімдерді сыни және нақты критерийлер негізінде бағалау қабілеті» [6; 487].

Бұл құбылыс жайындағы пікірталасқа түскен теоретиктердің көпшілігі Байраммен бұл тұжырымдаманың көзқарастарға, дағдыларға және білімге қатысы бар екендігімен келіседі.

Құзіреттіліктің бұл түрін дамытудың ең тиімді құралы – бұл оқытылатын шет тілі елінде болу, осы елдің мәдениеті, дәстүрлері мен әлеуметтік нормалары атмосферасына ену. Алайда, барлық оқушылар мен студенттердің мұндай мүмкіндігі болмағандықтан, тілдік ортадан тыс дамудың тиімді жолдарын іздеу қажет [7; 84].

Студенттердің негізгі коммуникативті серіктесі шет тілі мұғалімі болғандықтан, оқу процесінде мұғалімнің рөлін қайта қарау керек. Мұғалім шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде қолдана біліп қана қоймай, сонымен қатар оқу процесінде әртүрлі коммуникативті жағдайларды модельдеуі керек. Оқуға ұсынылатын материалдың үлкен көлемі және оны игеруге бөлінетін сағат саны мұғалімдерді аудиториялық жұмысты ұйымдастырудың жаңа тиімді тәсілдерін іздеуге, оқу процесіне танымдық белсенділікті арттыратын, ғылыми, зерттеу және практикалық мәселелерді шешуде коммуникативті іс-әрекетке қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыратын жұмыс түрлері мен формаларын енгізуге студенттерді қызықтыратын тапсырмаларды әзірлеуге мәжбүр етеді.

Мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастырудың шарттарының бірі мұғалімнің студенттердің бойындағы аталмыш қасиеттің қалыптастыруға дайындығы болып табылады:

- мұғалімнің студенттердің бойында бұл ерекшелікті қалыптастыруға, оның кәсіби әлеуетін дамытуға, басқа халықтардың мәдениетін зерттеуге қызығушылықтың болуына, халықтар мәдениетінің мәнін білуге бағыттылығы;
- оның теориялық және практикалық компоненттерінің өзара байланысында жүйелі өзін-өзі жетілдіруі.

Оны қалыптастырудың келесі шарты сабақтарда оқытылатын тілдің әлеуметтік-мәдени және мәдени аспектілері бар және студенттерді әлемдік мәдени құндылықтармен таныстыруға ықпал ететін материалдарды пайдалану болып табылады. Оқыту сапасы көбінесе мұғалімнің тілдік елтану материалдарын таңдау қабілетіне байланысты. Мәтіндердің мазмұны студенттер үшін маңызды болуы керек, оқытылатын тіл елдерінің шындықтарын сипаттауда белгілі бір жаңалыққа ие болуы керек. Бұл жерде сөз нақты адамдар туралы және өмірден алынған жағдайлар туралы болып отыр, бұл нақты тақырыптар туралы айтуға түрткі болуы керек. Мәтіндермен жұмыс жасау барысында студенттерді туған елінің және оқытылатын тілдің мәдени шындықтарын, коммуникативті мінез-құлықтың ұлттық ерекшеліктерін салыстыруға үйрету керек, сондықтан мәтіндердің мазмұны әртүрлі мәдениеттердің

құбылыстары мен фактілерін қабылдау, көру, сезіну, салыстыру, анықтау, ұғымдарды анықтау, қарым-қатынас жасау, диалог жүргізу қабілетін дамытуға негіз болуы керек. Оқу типіндегі сипаттамалық мәтіндермен қатар түпнұсқа материалдардың кең спектрі қолданылады. Оларға фотосуреттер, газеттер мен журналдардан алынған ақпарат (жарнамалар, ауа-райы болжамы); мұражайлардың, банктердің жұмысы туралы ақпарат, кіру билеттері, ұлттық тағамдарды дайындауға арналған мәзірлер мен рецепттер және т.б. бар брошюралар, буклеттер. Күнделікті іс-әрекеттер мен оқиғаларды оқытылатын тіл еліне көшіру фактісі оқушының қызығушылығын арттырады, басқа мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерінің әртүрлі көріністеріне назар аударуға мүмкіндік береді [8; 67].

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру технологиясы ретінде «Тілдік портфолио» технологиясы ұсыныла алады. Тілдік портфолио технологиясы – бұл студенттердің өз жұмысының нәтижелері мен жетістіктері үшін рефлексия дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы. Бұл технология студенттердің шет тілін өз бетінше оқуға деген ынтасын арттырады, сонымен қатар барлығына өз мүмкіндіктерін барынша пайдалануға көмектеседі. Тілдік портфолио шет тілдерін оқытудың нақты мақсаттарын қоюға мүмкіндік береді, сондықтан оқу процесінің ұйымдастырылуын жақсартады. Сонымен қатар, студенттердің өзін-өзі бағалауы, олардың қажеттіліктері мен уәждерін талдай отырып, оқу мазмұнын түзетуге мүмкіндік береді [9; 164]. Сонымен қатар, тілдік портфолио студенттерге тілдік әртүрлілік пен тілдер мен мәдениеттер арасындағы берік байланыс туралы білуге мүмкіндік бере алады.

Тілдік портфельді пайдалану тәжірибесі оны:

- шет тілін үйренуге ынталандырудың тиімді құралы ретінде;
- мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі ретінде өзін-өзі тануға ынталандыру құралы ретінде;
- шет тілін үйренушінің рефлексивті өзін-өзі бағалау білігін қалыптастыру құралы ретінде;
- тіл және мәдениет саласындағы оқу-танымдық құзыреттілікті дамыту құралы ретінде;
- шет тілін үйренушінің өнімді оқу қызметін дамыту құралы ретінде;
- шет тілін үйренушінің автономиясын дамыту құралы ретінде;
- тіл мен мәдениетті зерттеудің шынайы мәнмәтінін қамтамасыз ету құралы ретінде көрсетеді [10; 4].

Тілдік портфолионың бөлімдері нақты белгіленген және үш негізгі элементтен тұрады. Бірінші бөлімі – «Паспорт (Passport)» деп аталады. Студент шет тілін меңгеру деңгейін «шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне» сәйкес бағалайды. Келесі бөлім – «Тілдік өмірбаян (Language biography)», студент сөйлейтін немесе оқуды жоспарлаған тілдерді, оның шетелдік және мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін көрсетеді. Бұдан кейінгі бөлім – студенттің тілді меңгерудегі жетістіктері туралы ең жақсы дәлелдерді қамтитын «Дерекнама (Dossier)» (жазбаша жұмыстар, студент жазған өлеңдер мен әңгімелер, жобалар, жазбаша есептер және студенттің жетістіктерін тану туралы дәлелдер) [11].

М.В. Саванкова өзінің диссертациясында еуропалық тіл портфолиосының бөлімдерін қарастырды. Паспортта студент өзінің коммуникативті және мәдениаралық тәжірибесін қысқаша көрсетеді. Яғни, бұл дегеніміз студент оқыған барлық шет тілдері, емтихандар және олардың нәтижелері, белгілі бір жас кезеңінде немесе өмір бойы болған мәдениаралық байланыстар.

Тілдік өмірбаян шет тілін қалай, неге және қайда оқығаны туралы жазба береді. Бұл бөлім студенттерге шет тілін және мәдениетаралық тәжірибені үйренудің мақсаттарын анықтауға, сонымен қатар шет тілін меңгерудің қазіргі деңгейін бағалауға және нақтылауға көмектеседі. Бұл студенттерге шет тілін оқытудың белгілі бір әдісін қолданудың сәттілігін анықтауға жәрдемдеседі.

Портфолио үшінші бөлімінде – Дерекнамада студент шет тілін меңгерудегі жетістіктері туралы куәландыратын барлық материалдарды жинайды: дипломдар, сертификаттар, белгілі бір тілдегі қызықты жұмыстар, яғни пайдаланушының шет тілдерін үйренудегі жетістіктерін растайтын барлық нәрсе [12; 54].

Тілдік портфолио технологиясын қолдана отырып, мұғалімдер «оқушы – мұғалім – сынып» жүйесінде туындайтын өзара әрекеттесудің шынайы жағдайларын қамтамасыз етеді. Бұл әдіс әр оқушының шет тілін де, мәдениетті де үйрену барысында қалыптастыратын жеке білім беру өнімі болып табылады. Тек оқушы ғана емес, сонымен қатар мұғалім белгілі бір оқушының белгілі бір тілдік

дағдыларын одан әрі дамытуға, олардың мақсаттарына жету, олардың деңгейін көтеру мақсатында жоспар жасай алады.

Мұғалімге келетін болсақ, ол үшін тілдік портфолио оқушылардың пән бойынша жетістіктерін бейресми бағалау, сонымен қатар оның жеке басының дамуына ықпал ету үшін қолданылатын құрал ретінде қызмет етеді. Бұл технологияның мәні – бұл оқушы пен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетінің белгілі бір жүйесі. Бұл білім алушыға өзінің тілдік құзыреттілігін және оның ана тілдерімен өзара әрекеттесуін өз бетінше бағалауға мүмкіндік беретін жеке құжаттар қалтасы. Басқаша айтқанда, бұл әдіс шет тілдерін оқу процесінде мұғалімнің іс-әрекетінен оқушының іс-әрекетіне баса назар аударады. Бұл ығысуды жүзеге асыру үшін, жоғарыда айтылғандай, мектеп оқушылары өздерін объективті және сыни тұрғыдан бағалау, ондағы ойлауды ояту қабілеттерін қалыптастыруы керек.

«Тілдік портфолио» ұғымын қарастыра отырып, оның мақсаттарын, міндеттері мен ерекшеліктерін талдай отырып, біз бұл әдіс оқушылардың ынтасын, олардың шет тілін меңгерудегі нәтижелері үшін жауапкершілігін арттырады деген қорытындыға келдік, бұл технология сонымен қатар оқушылардың оқу процесіне саналы көзқарасының дамуына оң әсер етеді. Тілдік портфолио шет тілдерін оқыту мақсаттарын нақтылауға мүмкіндік береді, сондықтан оқу процесін дұрыс ұйымдастыруға ғана емес, сонымен қатар оны еуропалық стандарттарға сәйкес модернизациялауға мүмкіндік береді. Технология мұғалімге оқушылармен бірге оқу процесін студенттерге тәртіптік әсер ету құралы ретінде пайдаланбастан талдауға үйретеді. Оқушылардың/студенттердің өзін-өзі бағалауы, олардың қажеттіліктері мен уәждеріне сүйене отырып, тілдік портфолионы көптеген мұғалімдер оқыту мазмұнын түзету үшін және ең бастысы студенттерге жеке көзқарас табу үшін қолданады [13; 22].

Бүгінгі таңда бұл технология туралы әртүрлі жағынан қарастыратын көптеген әдебиеттер бар, өйткені бұл - шын мәнінде, көп қырлы ұғым. Ағылшын тілін де, басқа шет тілдерін де рефлективті оқытудың құралы болып табылатын тіл портфолиосының педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттайтын көптеген мақалаларды талдау оны оқушының өзіндік жұмысы аясында қолдану шет тілін оқытудың тұлғаға бағытталған сипатын дамытуға мүмкіндік беретінін нақты көрсетеді. Осының арқасында оқушы үшін тілді ғана емес, мәдениетті де үйрену саласындағы нақты, жеке маңызды қажеттіліктерді түсіну және жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Шет тілін оқытуда мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту нысаны ретінде «тілдік портфолио» технологиясын пайдалану үшін зерттеу жүргізу барысында келесі міндеттер қойылды:

1. Студенттердің басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау деңгейін анықтау.
2. Бастапқы, аралық және қорытынды тестілеу кезіндегі сандық өзгерістердің айырмашылығын анықтау және сипаттау.
3. Оңтайландыруды аттыру үшін қолданылатын оқу және сөйлеу материалдарының реттілігі мен күрделілік дәрежесін реттеу.

Зерттеуді ұйымдастыру үшін келесі шарттар анықталды:

- 1) зерттеу жүргізу үшін контингент – ИнЕУ Екібастұз колледжінің студенттері;
- 2) эксперимент жүргізудің уақыт кезеңі – бір оқу жылы;
- 3) студенттердің шет тілін меңгеру деңгейі – А1-ден В1-ге дейін;
- 4) зерттеу жүргізу кезеңінде сабақтардың тең саны – аптасына 2 сағат.

Оқу процесінің негізін «Ағылшын тілі» пәнінің материалдары, Интернет желісінен алынған ағылшын тіліндегі түпнұсқалық материалдар құрады.

Зерттеу жүргізу алгоритміне сәйкес келесі кезеңдер анықталды: дайындық кезеңі; кіру тестілеуі; тілдік портфолио негізінде оқыту, аралық тестілеу; қорытынды тестілеу; алынған мәліметтерді талдау; «тілдік портфолио» технологиясын қолдануды қорытындылау.

Дайындық кезеңі – бұл шет тілдері мен мәдениеттерін оқыту әдістемесінің саласына қатысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іздеу, таңдау және зерттеу, оларды талдау мен жалпылаудан тұратын теориялық кезең. Осы кезеңде зерттеу үшін топтар іріктеуден, кіру тестілеуіне арналған әдістемелік материалдар, аралық және қорытынды тестілеулер, сабақтар өткізуге арналған әдістемелік материалдар құрастырудан, оқытудың әдістері мен мақсаттарын анықтаудан өтті. Шет тілі курсы бойынша алғашқы сабақ дайындық кезеңіне де қатысты, өйткені оқушылар тілдік портфолионың құрылымымен танысқандықтан, оларға оның мақсаттары мен міндеттері, оны толтыру бойынша жұмыс түрлері,

портфолионы қолданудан күтілетін нәтижелері, тілдік портфолиодағы бұл құзіреттіліктің маңызы туралы айтылды.

Зерттеу жүргізу үшін ИнЕУ Екібастұз колледжінің 1 - курс студенттері (43 адам) іріктеліп алынды және портфолионың бірінші түрі, жетістіктер папкасы таңдалды. Зерттеу 2019-2020 оқу жылында жүргізілді.

Кіру тестілеуі кезінде студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігі деңгейі белгіленді. Бұл жағдайда кәсіби қарым-қатынас аясында келесі элементтер бағаланды:

- ақпаратты тану және қабылдау, туған және шетелдік мәдениеттің фактілерін салыстыру, түпнұсқа материалдарды тыңдау және түсіну дағдылары;
- қарым-қатынастың әртүрлі салаларында ауызша және вербалды емес қарым-қатынаста дұрыс мінез-құллықты, тіл және мәдениет тасымалдаушыларының қабылдауы мен мінез-құлқын болжаудың мәдениетаралық дағдыларын қалыптастыру;
- мәдениетаралық қарым-қатынас (вербалды және вербалды емес) жағдайларында мәдениетаралық білімді, іскерлікті және дағдыларды қолдану дағдылары.

Студенттер құзыреттіліктің бұл түрінің даму деңгейін айқындау үшін мәдениетаралық білімді меңгеру деңгейлерінің мынадай градациясы пайдаланылды: төмен (20%-ға дейін), ортадан төмен (21-40%), орташа (41-60%), ортадан жоғары (61-80%) және жоғары (81-100%). Ол үшін кіріс тестілеуінің деректері талданып, оқушылардың өзін-өзі бағалау парақтарына мониторинг жүргізілді.

Студенттердің жауаптары 5 балдық шкала бойынша бағаланды:

- | | |
|-----------------------|-------------------------------|
| 5 – «жоғары»; | 2 – «орташа деңгейден төмен»; |
| 4 – «ортадан жоғары»; | 1 – «төмен». |
| 3 – «орта»; | |

Талдау нәтижесінде студенттердің мәдениетаралық ақпарат пен терминдердің көптігіне байланысты шет тілін үйренуде қиындықтары бар екендігі анықталды. Екінші сабақта кіру тестілеуін өткізгеннен кейін студенттер тілдік паспортты толтырды, оған келесі элементтер кірді:

- отбасының қарым-қатынас тілдері және жақын туыстары сөйлейтін тілдер;
- оқу орны;
- бұрын оқылған тілдер;
- басқа елдерге сапар;
- шет тілдегі жобалар;
- оқыту тілдері.

Тіл паспорттын талдау білім алушылардың 86% (37 студент) қазақ тілінде, 6 студент орыс тілінде сөйлейтінін көрсетті. Студенттердің ешқайсысы Қазақстан Республикасынан тыс жерде оқыған жоқ, сондықтан олар қазақ тілі мен орыс тілі өздерінің ана тілі деп санайды. Студенттердің 95% пайызы мектепте шет тілі ретінде ағылшын тілін оқыды, ал 5% неміс тілін оқыды.

Іс жүзінде, 10 студент шет тілді елге барды, алайда «Сіз осы елдің өкілдерінің тілінде сөйлестіңіз бе?» деген қосымша сұраққа, барлық студентер «жоқ» деп жауап берді. Бұл мектепте шет тілін оқыту нақты және тірі жағдайларды жасамай, тек стандартты шаблондар мен сөйлеу сөз тіркестерін жаттау негізінде жүргізілгендігімен түсіндіріледі. Студенттердің бірде-бірі шет тілінде қандай да бір жобаны жазбаған, 26 студент мектепте қазақ тілінде білім алған, ал 17 студент орыс тілінде оқыған.

Тілдік паспортты талдау негізінде біз тілдік өмірбаянды құрудан тұратын кезеңді жасадық. Оқушыларға мәтіндерді тыңдау ұсынылды, содан кейін олар өздерін бағалауға тырысты. Мәтін А1 деңгейінен В1 деңгейіне дейінгі әртүрлі күрделіліктегі алты мәлімдемеден тұрды, мәтінге берілген тапсырмалардың мақсаты – ұсынылған нұсқалардан тұжырымның негізгі идеясын табу және түсіну. Оқушылардың үштен бір бөлігі ғана тапсырманы толығымен дұрыс орындады.




Диаграмма 1. Тыңдалым деңгейінің өзін-өзі бағалау нәтижелері

Түпнұсқа мәтіннен алынған мәдениаралық лексикалық бірліктерді қолдана отырып, монологтық сөйлеуді меңгеру деңгейін анықтау үшін келесі дағдылар мен олардың өлшемдері ескерілді:

- ұсынылған тақырып бойынша ең маңызды мәдениетаралық ақпаратты қамтитын хабарламалар жасау;
- алынған мәдениетаралық ақпараттың мазмұнын қысқаша беру (ұсыныстар санын есепке алу);
- әңгіме жүргізу; фактілер, оқиғалар туралы әңгімелеу, мысалдар, дәлелдер келтіру, сөйлеудің қалыпты қарқынын сақтай отырып қорытынды жасау.




Диаграмма 2. Айтылым деңгейінің өзін-өзі бағалау нәтижелері

Оқылым деңгейінің өзін-өзі талдау нәтижелері студенттердің көпшілігі А2 деңгейінде оқи алатыны атап өткен жөн. Біздің ойымызша, бұл ағылшын тілін мектеп деңгейінде шетелдік мәтіндерді оқу және аудару арқылы үйренудің салдары.

Мысалы, оқу қабілеті шеңберінде мәдениетаралық құзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау үшін «Travelling in England» мәтіні ұсынылды, ол түпнұсқалық мәтінде мәдениетаралық лексиканы, болмысты, салт-дәстүрді табу және түсіну (мағынасын аудару немесе түсіндіру) қабілетін тексеруге мүмкіндік берді.

Студенттер мәтіннен Sherwood Forest географиялық атауын; Westminster Abbey атты тарихи орынды; Philip Turner, David есімдерін тауып түсіндіре алды. Студенттерге the Houses of Parliament немесе King or Queen сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беру оңайырақ болды. Алайда, олар Bridlington, Harwich және т. б. сияқты сөздер мен сөз тіркестерін түсіндіруге қиналды.




Диаграмма 3. Оқылым деңгейінің өзін-өзі бағалау нәтижелері

Жазылым деңгейін анықтау үшін келесі дағдылар мен олардың өлшемдері ескерілді:

- ұсынылған тақырып бойынша ең маңызды мәдениетаралық ақпараттың болуы;
- тиісті фразалар мен сөз тіркестерін қолдану;
- мәлімдеменің логикасы мен дәйектілігі;
- грамматиканың дұрыстығы;
- мәтіннің құрылымы (абзацтарға бөлу, кіріспе мен қорытындының болуы);
- мәтінді оқытылатын тіл елінде қабылданған этикет нормаларына сәйкес ресімдеу (өтініштің, қорытынды фразаның болуы және т.б.).




Диаграмма 3. Жазылым деңгейінің өзін-өзі бағалау нәтижелері

Осы мәліметтерді талдағаннан кейін біз тілдік портфолионың бастапқы жоспарын сөйлеу және тыңдау сияқты дағдыларға назар аудара отырып түзету керек деген қорытындыға келдік. Талдауға сәйкес студенттердің 50%-дан астамы аталған дағдыларды мүлдем меңгермеген, бұл өз кезегінде олардың тілдік коммуникацияны және мәдениетаралық құзыреттілікті меңгермегендігін білдіреді.

Тілдік портфолионың бұл бөлімінде студенттерді өздерінің мәдениаралық бақылаулары туралы ескертулер жасауға және оларға түсініктеме беруге шақыратын «*My intercultural observations*» атты бөлігі болды. Портфолиода ұсынылған тақырыптық бағыттар мынадай болды:

- Customs, manners, greeting, politeness and body language (Әдет - ғұрып, әдептілік, сәлемдесу, сыпайылық және дене тілі);
- Attitudes, values, religion and equal rights (Қарым-қатынас, құндылықтар, дін және тең құқықтар);
- History, traditions and public holidays (Тарих, дәстүрлер және мемлекеттік мерекелер);
- Other intercultural observations (Басқа мәдениетаралық бақылаулар).

Бұл бөлімде студенттердің өзіндік мәдениаралық бақылауларына баса назар аударылғандықтан, бұл оқушылардың бастамаларына мүмкіндіктер ашты және оларды өз ұсыныстарын жасауға және өз үлестерін қосуға шақырды. Бұл тәсіл оқытылатын тақырыптарды студенттердің жеке тәжірибесімен байланыстырып және пікірталастарды олар үшін өзекті етті.

Тілдік портфолиодағы мұндай бөлімдер көптеген жолдармен пайдалы. Біріншіден, олар студенттердің назарын мәдениетаралық кездесулермен байланысты мәселелерге аударады. Осылайша, бөлімдер шет тілін үйрену аясында мәдениетаралық проблемалармен жұмыс істеу қажеттілігі туралы уақтылы ескерту бола алады. Екіншіден, ұсынылған бөлім оқытушылар мен студенттерге өз жұмыстарын ұйымдастыруға көмектеседі, ал курс аяқталған кезде пайда болатын мысалдар одан әрі зерттеу мен талқылаудың бастауы бола алады. Сонымен қатар, сұрақтарды тұжырымдау тәсілдері мәдени және мәдениетаралық мәселелерге қатысты байқау, рефлексия және айырмашылықтарды шешуге дайын болу маңызды болуы мүмкін екенін көрсетеді [14; 8].

Әрі қарай студенттер «тілдік дерекнаманы» құрды. Талдау өткізу барысында келесі мәселелер талқыланды: келесі бөлімге шет тілін үйренудің нақты прогресін көрсететін мүмкін материалдар енгізілуі. 2019 жылдың желтоқсанында аяқталған осы кезеңнің соңында студенттер тілдік портфолио бойынша жұмыс нәтижелерін ұсынды.

«Тілдік портфолио» технологиясы негізінде оқытудың екінші кезеңі 2020 жылдың қаңтар айында басталды. Бұл кезеңде студенттер тілдік портфолионы толтыруды және толықтыруды жалғастырды. Көбінесе орындалған жұмыстың өзін-өзі талдауымен қиындықтар туындады, өйткені студенттер шет тілін меңгеру деңгейінің еуропалық классификациясын толық түсінбеді.

Осы кезеңде тілді меңгерудің негізгі төрт дағдысын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді: тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым. Білімін жетілдіретін студенттер саны біртіндеп артқанын айтып кеткен жөн. Біз студенттердің өздері тіл үйренуге бастама көтергенін үлкен жетістік деп санаймыз. Олар тілдік қарым-қатынасты белсенді дамытты, бұл өз кезегінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырды. Егер біздің зерттеуіміздің басында студенттер шет тілінде сөйлеуге деген қорқыныш болса, кейін зерттеудің ортасында сөздердің дұрыс емес тіркесімімен байланысты кішігірім қателіктер болса да, үштен бірі сөйлей алатын болды.

Толтырылған портфолио мен жеке бағалау қағаздарын талдағаннан кейін, күрделі сөйлемдерді қолдана алмауына, синонимдерді таңдай және қолдана алмау, мәлімдемелерде логиканың болмауына байланысты студенттердің мәдениаралық лексиканы қолдана отырып, монологтық және диалогтік сөйлеу дағдыларын игеру орташа деңгейден төмен немесе еуропалық шкала бойынша А2 деңгейінде меңгерді деп қорытынды жасауға болады. Студенттердің тек бестен бір бөлігі ғана түпнұсқа мәтіндерден алынған мәдениетаралық ақпарат пен туған ел туралы ақпарат арасында параллель сыза алды.

Келесі кезең оқу жылының соңына қарай өтті. Оның негізгі мақсаты студенттердің өзін-өзі бағалау шкаласымен жұмыс жасау болды. Шет тілін, оның ішінде құзыреттіліктің мәдениеттер арасындағы тоғысуын меңгеру мен нығайтудағы жетістіктерді бағалауға мүмкіндік беретін бақылау тестілері өткізілді. Қорытынды тест студенттерге мәдени ұғымдарды (мысалы, стереотиптер, мәдени түсінбеушіліктер, тәжірибелер және т.б.), сондай-ақ олардың себептері және өзара байланысы анықтауға мүмкіндік беретін ашық сұрақтардан тұрды. Сонымен қатар, семестр аяқталғаннан кейін студенттердің тілдік портфолиолары олардың мәдениетаралық құзыреттілігі мен тілді меңгеру деңгейін бағалау үшін пайдаланылды.

Студенттердің өзін-өзі бағалауына мониторинг жүргізе отырып, біз оқу жылының соңына қарай оқушылардың басым бөлігі шет тілін меңгеру деңгейін оқу жылының басымен салыстырғанда жоғарылатты деген қорытынды жасадық

Кесте 1. 2019-2020 оқу жылы барысындағы өзін-өзі талдау нәтижелерін салыстыру

| Тілдік дағды | Оқу жылы басындағы студенттер саны | | | Оқу жылы аяғындағы студенттер саны | | |
|--------------|------------------------------------|------------|------------|------------------------------------|------------|------------|
| | A1 деңгейі | A2 деңгейі | B1 деңгейі | A1 деңгейі | A2 деңгейі | B1 деңгейі |
| Айтылым | 20 | 15 | 8 | 12 | 18 | 13 |
| Тыңдалым | 17 | 16 | 10 | 13 | 19 | 11 |
| Оқылым | 13 | 20 | 10 | 7 | 22 | 14 |
| Жазылым | 19 | 16 | 8 | 15 | 18 | 10 |

Кестедегі мәліметтер сөйлеу және тыңдау қабілеттері жақсарғанын көрсетеді. Бұл тіл портфолиосының мақсаттарын түзетіп, білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру үшін осы екі дағдыға ерекше назар аударғанымызбен түсіндіріледі. Эксперименттер жүргізу алдында қойылған міндеттер орындалды.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, тілдік портфолио шет тілін оқыту кезінде сабақ өткізу технологиясы ретінде тиімді деп айтуға болады, өйткені «Ағылшын тілі» пәніне бөлінген сағаттардың аздығына қарамастан, бұл студентке сапалы тілдік білім беруге мүмкіндік береді. Тілдік портфолио білім алушының өзі де, оқытушы да қатысатын тиімді жұмысқа ықпал етеді. Ол сондай-ақ тіл оқыту процесі үшін де, тіл үйренушінің мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту үшін де құнды қолдау көрсете алады [15; 40].

Осылайша, тілдік портфолио білім беру технологиясы студенттердің жетістіктерін бейресми бағалауға мүмкіндік береді және құзыреттіліктің аталмыш түрін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Тілдік портфолио мәдениетаралық жанама қарым-қатынаста оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесіне тәжірибені енгізу есебінен оқу процесінің шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, коммуникативтік құзыреттілік деңгейін арттыруға және алған білімдері мен дағдыларын жүйелеуге көмектеседі. Оқытылып отырған шетел тілі елінің мәдениетін білу арқылы, шетел тілін жоғары деңгейде меңгеруге, ауызекі сөйлеуге, түпнұсқалық мәтіндерді жақсырақ түсінуге, коммуникативтік іркілістерді болдырмауға үйренуге болады. Бұл қазіргі қазақстандық қоғамға әлеммен тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Fantini A. (2009) Assessing intercultural competence: Issues and tools. In D. K. Deardorff (Ed.), *The SAGE handbook of intercultural competence* (pp. 456-476). Thousand Oaks, CA: Sage.
2. Byram M. (2020) The responsibilities of language teachers when teaching intercultural competence and citizenship - an essay. *China media research.*, 16 (2). pp. 77-84.
3. Елизарова Г.В. (2005) *Культура и обучение иностранным языкам*. СПб.: КАРО. - 352 с. Электронная книга. Лингвистика. Методика обучения иностранным языкам.
4. Byram M. (1997) *Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence*.
5. Sinicope, C., Norris, J., Watanabe, Y. (2012) *Understanding and assessing intercultural competence: A summary of theory, research, and practice*.
6. Porto M., Houghton S.A., Byram, M. (2018) Intercultural citizenship in the (foreign) language classroom. *Language Teaching Research*, 22(5), p. 484-498
7. Deardorff D. K. (2006) *The Identification and Assessment of Intercultural Competence as a Student Outcome of Internationalization at Institutions of Higher Education in the United States*.
8. Крашениникова А.Е. (2015) *Формирование межкультурной компетенции в процессе обучения иностранному языку // Материалы V Международной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых. Красноярский государственный педагогический университет им. В.П. Астафьева – С. 67-73*

9. Bezukladnikov K.E. (2006) Professional portfolio as a means of formation of professional competence of the future teacher of a foreign language. Perm.
10. Виноградова О.С., Виноградова Т.В. (2015) Анализ преимуществ применения технологий языкового образования на современном этапе // Вестник евразийской науки. №1(26).
11. European Language Portfolio, Council of Europe – URL: <https://www.coe.int/web/portfolio/guide-to-compiling-an-elp>
12. Savankova M.V. (2004) Portfolio, as a modern approach in the organization of independent work of students in a foreign language (English language). Master's. dissertation. Almaty.
13. Неверова Н.В. (2017) Применение технологии языкового портфолио при обучении студентов технических ВУЗов: теоретические и практические аспекты // Среднее профессиональное образование. № 6. С. 19-22.
14. Lund R. (2008) Intercultural competence - an aim for the teaching of English in Norway? *Acda Didactica Norge*. 2. 10.5617/adno.1025.
15. Васильева Н.Н. (2013) Межкультурная компетенция. Стратегии и техники ее достижения // Социальная педагогика. №8. С. 39-42

References

1. Fantini A. (2009) Assessing intercultural competence: Issues and tools. In D. K. Deardorff (Ed.), *The SAGE handbook of intercultural competence* (pp. 456-476). Thousand Oaks, CA: Sage.
2. Byram M. (2020) The responsibilities of language teachers when teaching intercultural competence and citizenship - an essay. *China media research*, 16(2). pp. 77-84.
3. Elizarova G.V. (2005) *Kultura i obuchenie inostrannym yazykam*. SPb.: KARO. - 352 s. Elektronnaya kniga. *Lingvistika. Metodika obucheniya inostrannym yazykam*. (In Russian)
4. Byram M. *Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence*, 1997.
5. Sinicope, C., Norris, J., Watanabe, Y. (2012) *Understanding and assessing intercultural competence: A summary of theory, research, and practice*.
6. Porto M., Houghton S.A., Byram M., *Intercultural citizenship in the (foreign) language classroom*, *Language Teaching Research*, 2018, 22(5), p. 484-498
7. Deardorff D.K. (2006) *The Identification and Assessment of Intercultural Competence as a Student Outcome of Internationalization at Institutions of Higher Education in the United States*.
8. Krashennikova A.E. (2015) *Formirovanie mezhkul'turnoj kompetenczii v processe obucheniya inostrannomu yazyku*. // *Materialy V Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferenczii studentov, aspirantov i molodykh uchenykh. Krasnoyarskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet im. V.P. Astaf'eva – S. 67-73* (In Russian)
9. Bezukladnikov K.E. (2006) Professional portfolio as a means of formation of professional competence of the future teacher of a foreign language. Perm.
10. Vinogradova O.S., Vinogradova T.V. (2015) *Analiz preimushhestv primeneniya tekhnologij yazykovogo obrazovaniya na sovremennom etape // Vestnik evrazijskoj nauki. #1(26)*. (In Russian)
11. European Language Portfolio, Council of Europe – URL: <https://www.coe.int/web/portfolio/guide-to-compiling-an-elp>
12. Savankova M.V. (2004) Portfolio, as a modern approach in the organization of independent work of students in a foreign language (English language). Master's. dissertation. Almaty.
13. Neverova N.V. (2017) *Primenenie tekhnologii yazykovogo portfolio pri obuchenii studentov tekhnicheskikh VUZov: teoreticheskie i prakticheskie aspekty` // Srednee professional'noe obrazovanie. # 6. S. 19-22*. (In Russian)
14. Lund R. (2008) Intercultural competence - an aim for the teaching of English in Norway? *Acda Didactica Norge*. 2. 10.5617/adno.1025.
15. Vasilyeva N.N. (2013) *Mezhkul'turnaya kompetenciya. Strategii i tekhniki ee dostizheniya // Soczial'naya pedagogika. #8. S. 39-42* (In Russian)

Методика использования технологии "языкового портфолио" как средства формирования межкультурной компетенции в обучении английскому языку

А.К. Жетписбай, А.Е. Маурапова*

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар, Казахстан
e-mail*: a_kanzhygaly@mail.ru

Статья посвящена проблеме формирования межкультурной коммуникативной компетенции студентов в процессе обучения иностранному языку. В условиях глобализации и растущих межкультурных отношений эта проблема очень актуальна. В данной статье рассматривается понятие «межкультурная компетенция», а также использование технологии «языковое портфолио» в обучении иностранному языку как эффективной образовательной технологии формирования межкультурной компетенции. Для полноценного межкультурного общения, взаимодействия с представителями других стран студент должен не только владеть иностранным языком, но и обладать межкультурной компетенцией. В этой связи, технология «языковое портфолио» позволяет студентам развивать языковые навыки и межкультурные компетенции.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, компетенция, межкультурная компетенция, языковое портфолио, обучение иностранному языку, образовательная технология, методика преподавания иностранного языка.

Methodology of using the "language portfolio" technology as a means of forming intercultural competence in teaching English language

A.Q. Zhetpisbay, A.E. Mashrapova*

Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

e-mail*: a_kanzhygaly@mail.ru

The article is devoted to the problem of formation of intercultural communicative competence of students in the process of learning a foreign language. In the context of globalization and growing cross-cultural relations, this problem is very relevant. This article discusses the concept of "cross-cultural competence", as well as the use of the "language portfolio" technology in teaching a foreign language as an effective educational technology for the formation of cross-cultural competence. For full-fledged cross-cultural communication, interaction with representatives of other countries, the student must not only speak a foreign language, but also have cross-cultural competence. In this regard, the "language portfolio" technology allows students to develop language skills and cross-cultural competencies.

Keywords: cross-cultural communication, competence, cross-cultural competence, language portfolio, foreign language teaching, educational technology, methods of teaching a foreign language.

Редакцияға 28.09.2020 түсті

6 - бөлім
ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Раздел 6
ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА

Section 6
ART AND CULTURE